


# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Көркем шығарманың рецепциясы





**Мақсаты:** білімге құштар қауымды әдебиеттегі рецепция ұғымымен таныстыру, рецептивті эстетиканың басты концепцияларын ашып беру.

**Кілт сөздер:** көркем мәтін, қабылдау, рецепиент, автор, оқырман, рецептор.

Дәрісімізді бастамас бұрын қазақтың көрнекті әдебиеттанушы ғалымы Зейнолла Қабдоловтың басынан кешкен бір оқиғаны баян етейік. Жас Қабдолов ұстазы, заңғар жазушы М. Әуезовпен танысар тұста «Шығарманы сынайтын оқырманның болатыны секілді, оқырманды да сынайтын шығармалар болады», – деп айтқан деседі. Мұны автор «Менің Әуезовім» деп аталатын роман-эссесінде де есіне алады. Байқағаныңыздай, әңгіме ауаны оқырман мен шығарма арасындағы байланыс туралы болып отыр. Бүгінгі біз сөз еткелі отырған рецепция ұғымы тап осы мәселелерді ғылыми тұрғыда сарапқа салуды мақсат тұтады.

Рецепция – қабылдау деген сөз. Аталмыш термин ХХ ғасырдың 60–80-ші жылдарында Германияда пайда болды. Х. Яусс, П. Шонди, В. Изер, Р. Варнинг, М. Риффатер сынды ғалымдар көркем шығарманы талдаған кезде бұған дейінгі қалыптасқан структуралистік не басқа да мектептердің принциптеріне сүйенбей, жаңаша сипатта – оқырманның қабылдауы мәселесіне ден қойды. Аттары аталған ғалымдар өнер туындысын қабылдаушының, яғни көрермен мен тыңдарманның не болмаса оқырманның тұлғасына, оның әлеуметтік қызметіне ерекше назар аударды. Осының негізінде көркем шығармашылықты қабылдау принциптері тұрғысынан қарастыратын ғылыми теориялық концепция пайда болды. Рецептивті эстетиканың өкілдері әдеттегідей көркем шығарманың жазылуы мен құрылымдық бөлшектеріне, олардың көркемдік әсерге қосар үлесіне жіті көңіл бөліп, ғылыми негізде таразылауды басты міндет деп санамайды. Олардың көркем шығармашылыққа берер бағасы да, талдау әдісі де ерекше. Шығарманың оқырманға әсері, қабылдау процесіне қатысатын бірліктер, оқырманның түрлері, олардың деңгейі сынды мәселелерге рецептивті эстетика ең алдымен назар аударады. Дәл осылай зерделегенде ғана көркем өнердің табиғатындағы бұған дейінгі белгісіз боп келген көптеген құпиялар ашылады деп есептейді. Расында да, рецептивті эстетиканың өкілдері жасаған әдеби-ғылыми жаңалық аз болған жоқ. Өйткені бұрынғы әдеби-теориялық мектептер тап осы тұрғыдан туындыны терең талдау нысанына ала қоймаған болатын.

Қазіргі кезде де рецепция мәселесі әдебиеттану ғылымында аса өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Әдеби шығармаға рецептивті эстетиканың талап-тілектері аясында баға беру, оны жасаушы автор мен қабылдаушы оқырман арасындағы байланысты айқындау, қабылдау кезінде жүзеге асатын үдерістер, автордың мәтіндегі образы, автор дүниетанымы мен болмысының оқырманға әсері т.б. сынды күрделі де күрмеулі сұрақтардың жауабын беру үшін аталған ғылыми пәннің мүмкіндіктеріне жүгінуге тура келеді. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы да аталмыш мәселелерге ден қоя бастады. Шығарманы автор мен оқырман арасындағы тығыз қатынас негізінде талдайтын еңбектер еліміздің ғалымдары тарапынан да жазылу үстінде. Әдебиеттанушы ғалымдар шығарманы талдайтын кезде оған автор мен рецепиенттің, яғни қабылдаушының арасындағы диалогтық қатынас нысаны ретінде қарайды. Олар тыңдарманды, көрермен мен оқырманды көркем шығармашылықтың пассив қатысушылары ретінде емес, көркем шығарманың мәнін анықтаудағы белсенді, актив тұтынушы ретінде қарастырады. Қабылдау дегеніміздің өзі таза психологиялық құбылыс. Бірақ көркем шығарманың мәнін түсініп, бағасын беру үшін рецептивті әдебиеттанудың өкілдері аталмыш ұғымның тереңіне бойлап, ішкі сырына үңіледі.

Рецептивтік тұрғыдан зерделеу үшін біз шығарманы жаратушы, оның төлиесі – авторы туралы білуге тиіспіз. Өйткені автордың тұлғасы, оның мәдени-рухани деңгейі мен интеллектуалдық әлеуеті, құндылықтар жүйесі мен ұстанымдары – бәр-бәрі де аса маңызды құбылыстар. Автор көркем шығарманы жазарда көз алдына өз оқырманын елестетіп отырып жазуы мүмкін. Өйткені, шығармашылықпен айналысатын адамдардың бәрі дерлік өз аудиториясын белгілі бір деңгейде жақсы біледі. Автор мен оқырман арасындағы байланыс, демек, көркем мәтіннің жазылу барысында-ақ пайда болады екен. Қаламгер шығарма жазу барысында оқырманымен үнсіз тіл қатысып, тіпті шығарма композициясына кіретін әрі кірмейтін бөлшектердің өзін оқырманымен диалогқа түсу үшін қосады деуге болады. Мысалы, эпиграфты алайық. Оның әдеби туындының көркемдігіне қосар үлесінің бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Сонымен бірге, автор мен оқырман арасындағы байланысты күшейту үшін де қызмет етеді.



Оқырман демекші, шығарма ғұмырының ұзақ болуы да, қысқа болуы да оны қабылдаушыға байланысты. Егер оқырманы болмаса, шығарманың да қадірі кеткені. Оқырманның талғамы үлкен рөл ойнайды. Жалпы, рецептивті эстетикада өнер туындысын қабылдаушыны рецепиент деп атайды. Ол тыңдарман не көрермен болуы мүмкін. Әдебиеттануда көбінесе оқырманды назарда ұстайды. Өйткені әдеби шығарма ең алдымен оқырман талқысына түседі. Кейде біз көркем шығарманы оқып болған соң сол әлемнен біршама уақыт бойы шыға алмай жүреміз. Ең алғаш ерекше әсер еткен шығарманы оқыған соң өзіңізді сондағы кейіпкерлердің орнына қойып, көпке дейін сол әсермен жүргеніңіз есіңізде болар? Міне, егер осындай әсерге бөленген болсаңыз, көркем шығарманың эстетикалық қуаты мол деген сөз. Жалпы, әдебиеттануда көркем шығарманың құнын оның адам жанына әсер ету деңгейімен өлшейді. Қабылдаушыны шабыттандыра алса, оның жанына қозғау сала алса, шығарма өз мақсатына жеткені. Мынадай да аңыз бар. Театрда отырған бір көрермен спектакльдегі жауыз кейіпкердің озбырлығына шыдай алмай, орнынан түрегеліп, актерге қастандық жасаған. Содан соң өзіне қол жұмсапты. Кейіннен екеуін бірге жерлеген халық құлпытастарына: «Үздік актер мен үздік кейіпкерге» деп жазып қойыпты деседі. Расында да үздік болғаны ма? Қабылдаушы реалды әлемнен шығып, көркем өнердің әлеміне еніп кеткен.

Сондай-ақ, рецепция ұғымын дұрыс түсіну үшін біз оқырманның рецептивтік тұғырын анықтауымыз керек. Ол – біздің санамызда қалыптасқан бұған дейінгі жинаған тәжірибелеріміз, мәдени-этникалық ерекшеліктеріміз бен рухани деңгейіміз. Біз қандай да бір өнер туындысын бұған дейін орнығып үлгерген қалыптарға сай қабылдаймыз. Баға береміз, түсінеміз әрі қайта интерпретациялаймыз. Ол әдеби көркем шығарма немесе театр мен кино туындысы не болмаса музыка өнерінің жауһары болуы мүмкін. Оқырманның да оқырманы бар. Оның түрі көп. Түрі көп болған соң талғам да түрліше боп келеді. «Талғамға талас жоқ» деген мәселе әдеби шығармашылыққа да қатысты айтылады. Әдебиеттануда сыншылардың орны ерек. Өйткені ең жоғарғы деңгейдегі оқырмандар ретінде аталады. Себебі әдеттегі қарапайым оқушы қауымға қарағанда олардың филологиялық дайындығы мол болады әрі эстетикалық талғамы да биіктеу. Содан да сыншының міндеті шығарманың кемшілігімен бірге артықшылығын айқындап беру болып табылады. Сыншылардың пікірі айрықша маңызды: жазушы үшін де, оқырман үшін де. Толстойдың, Белинскийдің сын-мақалаларын оқып шыққан соң: «Мен Пушкинді енді түсіндім», – деп айтуында үлкен мән бар. Себебі қаламгердің шығармашылық дарыны мен даралығын, таланты мен талабын шебер сыншы ғана тамыршыдай тап басып тани алады. Оның бағасын беретін де – осы, кәсіби деңгейі жоғары оқырмандар. Кейде сыншыларға қарағанда қарапайым оқырманның өресі биік боп көрінетін кездер де кездеседі. Дегенмен жалпылай алғанда, сыншылар қауымының алдында үлкен міндеттер бар. Тек қана әдебиеттің тарихы мен сынынан ғана хабардар болу жеткіліксіз. Әдебиеттің теориясы тұрғысынан да үлкен дайындық қажет көбіне. Тіпті сөз өнерінің табиғатын ашуға сеп болатын басқа да ғылыми салаларды меңгеруі оның деңгейін көтермесе, кемітпек емес. Себебі шығарманың бағасын кей жағдайда тек қана әдебиеттің теориялық механизмдеріне салып талдау аздық етеді. Мәдениеттану, философия, психология, лингвистика, әлеуметтану сынды ғылымдардың мүмкіндіктерін пайдаланып, шығарма мәнін анықтаудың артықшылығы көп. Жалпы, рецептивті эстетиканың өкілдері оқырманның шығарма ғұмырына ерекше әсер ететінін ескеріп, оқырман тұлғасына қатысты көптеген зерттеулер жүргізген. Тіпті оның әлеуметтік типтері мен функциясын да жан-жақты ашып берген. Шығарманы түсіну үшін де оқырманның деңгейі қажет. Мысалы, бірінші сыныптың оқушысына «Абай жолы» роман эпопеясын оқыту үлкен өрескелдік болуы анық, бүлдіршіндерге тілі жеңіл әрі жатық, қызықты әрі шағын туындыларды оқытқан жөн, яғни көркем шығарманы қабылдаушының дайындығын ескеру керек. Осы тұрғыдан зерттеушілер оқырманға бірнеше талап қояды. Оқырманның ең алдымен белгілі бір тілдік базасы болуға тиіс. Өйткені сөздік қоры, тіл байлығы болмаса, көркем әдеби стильде жазылған мәтіндерді түсіну қиынға соғар еді. Адамның сөздік қоры екі түрлі сипатта өмір сүреді: актив және пассив. Біз сөз етіп отырған сала бойынша, оқырман көркем мәтінді дұрыс ұғынуы үшін, ең аз дегенде, пассив тіл қолданушысы болуы керек. Мысалы, әлеуметтік ортада жиі қолданылмайтын кейбір кітабы сөздер болады. Олардың бәрін оқырман күнделікті өмірінде пайдаланбаса да, мәнін біліп, мағынасын түсінуге тиіс. Өйткені қазіргі филология ғылымында әрбір сөз тілдік код ретінде қарастырылады. Егер сөздің мағынасын білмесеңіз, оның коды да ашылмақ емес.



Жалпы, оқырман тұлғасына қатысты айтылар сөз аз емес. Мысалы, деңгейіне қарай олардың автормен шамаласы да, автор өресінен биік тұрғаны да, автор білігінен төмені де бола береді. Жалпы айтқанда, дайындығы мол, деңгейі жоғары оқырман қашанда көп болмайды. Әсіресе рухани құндылықтардан материалдық құндылықтар үстем болып тұрған кезеңде оқырман деңгейі түсіп, күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарынан бастап көркем өнердің түрлеріне дейін арзанқол туындылар көш бастап кететіні жасырын емес. Мұның бәрі де оқырманның деңгейіне, оның талғам-таразысына тікелей қатысты мәселелер.

Көркем шығарманың мәтіні өзгермейді, бірақ мәні өзгермелі. Құбылып тұрады. Өйткені ол оқырман мен автор арасындағы екіжақты байланыстың жемісі болып саналады. Кейде оқырман орнында тыңдарман немесе көрермен тұруы мүмкін. Бастысы, қабылдаушы, яғни қабылдаушы тарап пен жаратушы-автор тарап арасындағы мәдени диалогтың негізінде біз рецепция мәселесін зерделей аламыз. Ал мәтіннің жаратушысы, яғни авторының бейнесі әдеби шығармада көрінбей тұрмайды. Мәдени тұлғасы, дүниетанымы мен құндылықтар жүйесі – бәрі де шығарманың өн бойына әсер етіп тұрады. Себебі автор өзінің өмірлік тәжірибелерін, көрген-түйгені мен оқыған-тоқығанын оқырман қауымға ұсынады. Көркем шығарманың мәні оны қабылдау әктісі кезінде айқын көрінеді. Жоғарыда айтқанымыздай, шығарманың мәні құбылмалы. Құбылмалы болатын себебі, әр дәуірдің өз оқырманы, өз құндылықтары болады. Шығарма әр дәуірде әрқалай ұғынылып жатса – өлшемнің өзгергені. Мысалы, Абайды алайық. XIX ғасырдың оқырманы мен XX ғасырдың оқырманының Абайды қабылдауы, оны түсінуі екі бөлек. Мұхтар Әуезовтің Абайдың шығармашылығы туралы жазған монографиясы мен бүгінгі Абайтанушылардың еңбектерінде айтарлықтай айырмашылықтың болуы заңды құбылыс. Себебі оған баға беретін мамандардың да құндылықтары, ғылыми аппараттары, талдау әдістері бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Совет кезеңінде дүниеге келген көптеген рухани-мәдени мұраларымызға бүгінде басқаша талдау жасап жатқанымыз да осының айғағы болса керек. Сол секілді, келер ұрпақ Абайды мүлдем басқаша ұғынуы мүмкін. Мұның бәрі көркем өнердің заңдылығы. Сондай-ақ, «әркімнің өз Абайы бар» деген сөз бар, яғни көркем шығарманың мәні тек қана дәуірге, белгілі бір қоғамдық формация мен тарихи-әлеуметтік ситуацияға ғана емес, белгілі бір адамдар мен адамдар тобының қабылдауына байланысты да өзгеріп отырады. Алпыстағы оқырман мен алтыдағы оқырманның Абайды қабылдауы әртүрлі болатыны айтпаса да түсінікті немесе техникалық сала мен гуманитарлық сала өкілінің оны түсінуі өзгеше болуы тағы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, оқырманның тәжірибесі аса маңызды рөл ойнайды.

Қабылдаудың психологиялық құбылыс екенін айттық. Психологияның кейбір тақырыптарын терең түсінбейінше біз әдебиеттану ғылымындағы рецептивті талдау әдісін де дұрыс ұғына алмаймыз. Өйткені ғылымдар арасындағы интеграциялық процестер қарқын алған қазіргі кезеңде мәселенің шынайы бағасын беру үшін де көп салалардан хабардар болуға тура келеді. Сол секілді, әдеби шығарманы қабылдаудың табиғатын тереңірек түсіну үшін шетелдік ғалымдар әлеуметтік сауалнама жүргізіп, әртүрлі психологиялық-социологиялық зерттеулер жасап көрген. Соған сай, оқырмандардың да түрлері аз болмай шыққан. Мысалы, кейбір оқырмандар көркем шығарманы жай ғана сауық үшін, көңіл қалауы үшін оқитын болса, кейбіреулері өмірдің сан түрлі соқпағын түсініп, одан көп нәрсе үйренемін әрі белгілі бір мәселелерімді шеше аламын деген оймен оқиды екен. Ал енді тағы бір топ әдеби шығарма арқылы өз-өзін тәрбиелеуді көздейді. Олар әртүрлі ситуацияларда өзін қалай ұстауды, эмоциялық және этикалық тәрбие негіздерін түсінуді қалайды. Ал көркем шығармаға таза өнер туындысы ретінде қарап, одан эстетикалық әсер алуды көздейтін оқырман саны салыстырмалы түрде аз боп шыққан, яғни оқырман саны көп болған сайын оның түрі де көбейе береді. Өйткені, әр оқушының, әрбір қабылдаушының шығарманы оқудағы мақсаты әрқилы. Міне, көркем өнерді қабылдаудың осындай табиғатын түсінген Гете оның үш негізгі түрін атап көрсетеді. Бірінші топтағы оқырмандар шығарманы талқыға салмайды, бірақ ондағы эстетикалық әсемдіктен ләззат алады. Екінші топтағы оқырмандар сұлулық таба алмайды, бірақ сын-пікірін ашық айтады. Ал үшінші топтағылар пікір де айтады, сұлулықтан ләззат та алады. Гетенің пікірінше, тап осы үшінші топқа жататын оқырмандар ғана көркем әдеби шығарманың ғұмырын ұзартып, мәнін арттырады екен.

Жалпы, көркем шығарманы қабылдау үдерісі туралы азды-көпті баяндадық. Аталмыш мәселенің өте қызық әрі күрделі екенін өздеріңіз де пайымдаған боларсыздар? Біз оның іргесі



саналатын басты тұжырымдарын назарларыңызға ұсындық. Алдағы өтілетін дәрісімізді әдебиеттегі этикасы мәселесіне арнаймыз. Біздіңше, ол тақырып та рецепция ұғымын тағы да тереңірек ұғынуға жол ашады.

### Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Ең жақсы қабылдаушы қандай болу керек? Өз ойларыңызды ашып жазыңыздар.
2. Автор мен оқырман арасындағы байланыс дегеніміз не?
3. Рецептивті эстетиканың ең басты үш тұжырымын таратып түсіндіріңіз.
4. Рецепция ұғымы әдебиеттің басқа қандай салаларымен тығыз байланысты?

### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О.Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
2. Машакова, Айнур Касымжановна. Казахская литература в современной рецепции: Дисс. на соис. учен. степ. канд. наук, 10.01.02 / Машакова, Айнур Касымжановна; Ин-т лит-ры и искусства им. М.О.Ауэзова. – Алматы, 2008. – 141 с.
3. Классическое исследования. Т.4: Связь времен и сравнительное литературоведение / МОН РК; Гл. ред. Б.Т. Жумагулов; Сост.: У.К. Калижанов, А. Алибекулы, А.К. Калиева и др. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 400 б.